Dr David Frost
Emeritus Fellow

WOLFSON COLLEGE
CAMBRIDGE CB3 9BB
Telephone: 01223 335900

REVIEW

of the doctoral thesis titled
"Exploring EFL Teachers' Media Literacy in Kazakhstan: A Case Study"
written by Aigul Yeleussiz, PhD candidate, Institute of Philology,
Kazakh National Women's Teacher Training University

The study explores English as a Foreign Language (EFL) teachers' media literacy in three diverse school settings in Kazakhstan, including rural, urban and regional schools. Given the increasing digitalisation and the advancement of artificial intelligence in pedagogy, enabling teachers to engage with media-generated information critically has become an inalienable part of 21st century education. Particularly, teachers' media literacy in the developing context, of which Kazakhstan is one, has been relatively underrepresented in international literature. As such, this study can make a valuable contribution to further research on teachers' multiple literacies and social justice.

In Chapter 1, Aigul presents the rationale for the study by situating media literacy (ML) within the broader challenges of English language teaching in Kazakhstan. She outlines the significance of ML in global and local contexts and identifies a gap in how EFL teachers perceive and implement ML in diverse school settings. The chapter concludes by stating the study's aim and formulating the following research questions, which guide the investigation.

In Chapter 2, Aigul highlights the educational context shaping ML development, drawing on international frameworks and national reforms. She examines the structure of Kazakhstan's education system, teacher preparation pathways, and current ML-related policies. The chapter identifies key challenges—including policy fragmentation and unequal resource distribution—that influence how ML is integrated into EFL practice.

In Chapter 3, Aigul presents a clearly defined conceptual framework, which analyses various concepts of ML and the related literacies, teachers' criticality and self-efficacy, classroom behaviour and practices, which may offer a foundation for examining the multiple dimensions of teachers' understanding and use of media. Particularly, the application of Ajzen's Theory of Planned Behaviour (Ajzen, 2020) and Bandura's Self-Efficacy Theory (Bandura, 1995) supports an investigation into how teacher perceptions and beliefs can relate to

their pedagogical decisions. Also, the discussion of critical ML skills is structured around the concepts of deconstruction, representation, intertextuality, multimodality, and media creation. These categories are examined through the lenses of Critical Pedagogy (Freire, 1970) and Multiliteracies Theory (New London Group, 1996), which together frame literacy as socially situated and ideologically embedded. These concepts effectively inform the analytical framework and guide the study's key findings.

In Chapter 4, Aigul lays her research design, which is a multiple case study with six EFL teachers as her unit of study. The use of multiple data collection methods, including interviews, focus groups, classroom observations, document analysis and research journal, ensures research quality. Thereby, her sequencing of the data collection process is logical and contributes to the robustness of the research design. There are, however, certain limitations that are worth noting. Whilst the case-study approach enables the depth of analysis of the phenomenon under investigation, further research involving a larger and more diverse sample size both geographically and institutionally could enhance the representativeness of the study results. In addition, a longitudinal study could provide a fuller picture of how teachers' practices and beliefs evolve over time, especially as media tools and educational policies continue to develop. The study could also benefit from further development of the mixed methods design, particularly in terms of integrating quantitative and qualitative findings in a more tightly connected manner.

In Chapter 5, Aigul discusses her key findings. The data analysis reveals how teachers engage with complex aspects of media and their practices in developing critical media awareness in their respective students. The emphasis on how teachers approach these elements in their classroom practice is particularly valuable and, hence the thesis could be further strengthened by a more detailed exploration of how students respond to such instruction. In addition, external factors, such as school type, geographical location, school structure and culture, access to professional development, and physical infrastructure can influence teachers' perceptions of ML and classroom practices. These contextual factors are considered alongside classroom-level practice, which offers a broader view of the conditions that enable or inhibit teachers' perceptions and practices in relation to MLin diverse educational settings.

In Chapter 6, Aigul presents her key research findings and discuss them in relation to relevant literature. The research findings highlight the importance of supporting the EFL teachers' ML through ongoing professional development and institutional investment into digital infrastructure. The recommendations are aligned with the evidence presented and are likely to be of use to educators,

school leaders, and policymakers in Kazakhstan and the comparable contexts. The study's findings carry practical implications for enhancing ML education at the pre-service and in-service teacher education level in Kazakhstan. Its recommendations may inform institutional strategies to strengthen critical media and ethical pedagogy, particularly in multilingual and post-Soviet educational environments. The findings reflect a variety of approaches and levels of engagement with a focus on the affordances and constraints the EFL teachers encounter in their school settings. The study presents a careful account of how the media can support the teaching of foreign language.

In Chapter 7, Aigul offers a coherent and well-executed discussion of recommendations for different stakeholders and the way her study contributes to knowledge. Aigul also carefully reflects on her research journey and further plans. In general, Aigul's study contributes to knowledge by building an understanding of how teachers conceptualise and enact ML in practice. The study addresses its objectives clearly and offers a reasoned analysis grounded in the empirical research.

Final Recommendation:

I conclude that the thesis submitted by Aigul Yeleussiz, entitled 'Exploring EFL Teachers' Media Literacy in Kazakhstan: A Case Study', as part of the 8D01703 – Foreign Language: Two Foreign Languages doctoral programme, is of a standard suitable for submission and oral defence for the award of the degree of Doctor of Philosophy (PhD).

Dr David Frost

Emeritus Fellow, Wolfson College,
University of Cambridge

"Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" КеАҚ,

Филология институтының 8D01703 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған

Елеусіз Айгүл Бейбітқызының

«Қазақстандағы шетел тілі мұғалімдерінің медиа сауаттылығын зерттеу: кейс-стади»
тақырыбындағы докторлық диссертациясына

ПІКІР

Д-р Дэвид Фрост
Вулфсон колледжінің құрметті профессоры, Кембридж университеті
Айгүл Елеусіздің шетелдік ғылыми жетекшісі

Бұл еңбек Қазақстандағы үш түрлі мектеп жағдайында (ауылдық, қалалық және аймақтық мектептерде) ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытатын мұғалімдердің медиа сауаттылығын зерттейді. Қазіргі таңда білім беру саласындағы цифрландырудың күшеюі мен жасанды интеллекттің дамуына байланысты мұғалімдердің медиадан алынған ақпаратты сыни тұрғыда түсініп, талдай білуі XXI ғасырдағы білім берудің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, Қазақстан сияқты дамушы елдерде мұғалімдердің медиа сауаттылығы халықаралық зерттеулерде жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған. Сондықтан, бұл зерттеу мұғалімдердің көпқырлы сауаттылығы мен әлеуметтік әділеттілік мәселелерін зерттеуге құнды үлес қоса алады.

Зерттеудің бірінші тарауында Айгүл Елеусіз медиа сауаттылықты Қазақстандағы ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытатын мұғалімдердің алдында тұрған кең ауқымды мәселелер аясында қарастырып, зерттеудің негіздемесін ұсынады. Ол медиа сауаттылықтың жаһандық және жергілікті деңгейдегі маңыздылығын ашып көрсетіп, әртүрлі мектеп жағдайларында ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытатын мұғалімдердің медиа сауаттылық туралы түсініктерінің осал тұстарын анықтап береді. Тарау зерттеудің

мақсатын тұжырымдап, зерттеуді бағыттайтын негізгі зерттеу сұрақтарын ұсына отырып аяқталады.

Зерттеудің екінші тарауында Айгүл медиа сауаттылықты дамытуға әсер ететін білім беру контексін ашып көрсетеді. Ол халықаралық стандарттар мен ұлттық реформаларға сүйене отырып, Қазақстандағы білім беру жүйесінің құрылымын, мұғалімдерді даярлау жолдарын және медиа сауаттылыққа қатысты қазіргі саясаттарды қарастырады. Бұл тарауда медиа сауаттылықтың ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқыту тәжірибесіне қалай енгізілетініне әсер ететін негізгі қиындықтар—саясаттың үйлеспеуі мен ресурстардың теңсіз бөлінуі—айқын көрсетілген.

Зерттеудің үшінші тарауында Айгүл медиа сауаттылыққа қатысты түрлі ұғымдарды, оған байланысты басқа да сауаттылық түрлерін, мұғалімдердің сыни көзқарасы мен өзіндік тиімділігін, педагогикалық тәжірибесін талдауға негіз болатын анық әрі жүйелі концептуалдық негіздеме ұсынады. Бұл негіздеме мұғалімдердің медианы түсінуі мен қолдануының қырларын қарастыруға мүмкіндік береді. Диссертацияның концептуалдық негіздемесіне тірек ретінде келесідей теориялар алынған: Бандураның өзіндік тиімділік теориясы (Бандура, 1995) және Айзеннің жоспарланған мінез-құлық теориясы (Айзен, 2020). Бұл теориялар мұғалімдердің көзқарасы мен сенімдерінің олардың педагогикалық шешімдеріне қалай әсер ететінін зерттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, медиа сауаттылықты дамытуға қажетті сыни дағдыларды деконструкция, репрезентация, интертекстуалдылық, мультимодалдылық және медианы жасап шығару сияқты негізгі ұғымдар арқылы талдау ұсынылған. Аталған ұғымдар Пауло Фрейренің (Фрейр, 1970) Сыни педагогикасы және Лондонның жаңашыл зерттеушілер тобының (1996) Көп сауаттылық теориясы тұрғысынан қарастырылып, сауаттылықты әлеуметтік және идеологиялық тұрғыда шартталған құбылыс ретінде түсінуге жол ашады. Осы концепциялар зерттеудің аналитикалық негізін құрып, негізгі қорытындыларды анықтауда маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің төртінші тарауында Айгүл өзінің зерттеу дизайнын ұсынады. Бұл зерттеу дизайны алты ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытатын мұғалімді қамтитын кейс стади әдісіне негізделген. Ол зерттеудің сапасын қамтамасыз ету мақсатында бірнеше дерек жинау әдістерін: сұхбаттар, фокус-топтар, сыныптық бақылау, құжаттарды талдау және зерттеу күнделігін қолданады. Айгүлдің деректерді жинау реттілігі жүйелі түрде құрылып, зерттеу дизайнының сенімділігін арттырады. Дегенмен, зерттеудің кейбір шектеулері де бар екенін атап өту қажет. Мысалы, кейс стади әдісі зерттеліп отырған құбылысты тереңірек түсінуге мүмкіндік бергенімен, зерттеу

нәтижелерінің репрезентативтілігін арттыру үшін географиялық және институционалдық тұрғыдан кеңірек және алуан түрлі мұғалімдер тобын қамтитын қосымша зерттеулер жүргізу қажет. Сонымен қатар, мұғалімдердің тәжірибесі мен сенімдерінің уақыт өте келе қалай өзгеретінін көрсету үшін ұзақмерзімді зерттеу жүргізу пайдалы болар еді, әсіресе медиа құралдары мен білім беру саясатының даму үдерісін ескерсек. Сондай-ақ, зерттеудің аралас әдісін одан әрі жетілдіріп, сандық және сапалық деректерді өзара тығыз байланыстыра отырып талдауды қамтамасыз ету маңызды болар еді.

Зерттеудің бесінші тарауында Айгүл өз зерттеуінің негізгі нәтижелерін талдайды. Деректерді талдау мұғалімдердің медианың күрделі қырларымен қалай жұмыс істейтінін және оқушыларда сыни медиа сауаттылықты дамытудағы тәжірибесін көрсетеді. Әсіресе, мұғалімдердің бұл элементтерді сыныптағы тәжірибеде қалай қолданатынына баса назар аударылғаны ерекше құнды болып отыр. Сондықтан диссертацияны одан әрі күшейту үшін осындай сабақтар барысында оқушылардың өздерінің қалай жауап қайтаратынын тереңірек зерттеу пайдалы болар еді. Сонымен қатар, мектептің түрі, орналасқан жері, мектептің құрылымы мен мәдениеті, кәсіби даму мүмкіндіктері мен материалдық-техникалық инфрақұрылым сияқты сыртқы факторлар да мұғалімдердің медиа сауаттылыққа деген көзқарасы мен сыныптағы тәжірибесіне әсер етуі мүмкін. Осы контекстік факторлар сынып деңгейіндегі тәжірибемен қатар қарастырылып, мұғалімдердің медиа сауаттылықты әртүрлі мектептерде енгізуі мен қолдануына ықпал ететін немесе кедергі келтіретін жағдайларды кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің алтыншы тарауында Айгүл өз зерттеуінің негізгі нәтижелерін ұсынады және оларды тиісті әдебиеттермен байланыстыра отырып талдайды. Зерттеу нәтижелері ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытатын мұғалімдердің медиа сауаттылығын үздіксіз кәсіби даму арқылы және білім беру мекемелерінде цифрлық инфрақұрылымға инвестиция тарту арқылы қолдаудың маңыздылығын көрсетеді. Ұсыныстар зерттеуде алынған дәлелдермен үндес келеді және Қазақстан мен ұқсас жағдайдағы білім беру жүйелеріндегі мұғалімдерге, мектеп басшыларына және саясаткерлерге пайдалы болуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы ағылшын тілін оқытатын мұғалімдерді даярлау мен олардың біліктілігін арттыруда медиа сауаттылықты жетілдірудің практикалық маңызын айқындайды. Ұсыныстар оқу орындарының сыни медиа сауаттылықты және этикалық педагогиканы нығайтуға бағытталған стратегияларын әзірлеуге, әсіресе көптілді және посткеңестік білім беру ортасында, қолдау көрсете алады. Зерттеу нәтижелері мектеп жағдайында ағылшын тілін шетел тілі ретінде

оқытатын мұғалімдердің медиа сауаттылықты дамытуда кездесетін мүмкіндіктер мен шектеулерге қатысты әртүрлі тәсілдер мен деңгейлерді көрсетеді. Зерттеу шетел тілін оқытуда медианың қалай қолдау көрсете алатынын мұқият талдап түсіндіреді.

Зерттеудің жетінші тарауында Айгүл зерттеу нәтижелерін әртүрлі мүдделі тараптарға арнап ұсынған ұсыныстарын жүйелі әрі нақты түрде талқылайды және өзінің зерттеуінің білім саласына қосқан үлесін сипаттап береді. Сондай-ақ Айгүл өзінің зерттеу барысына және алдағы жоспарларына мұқият тоқталады. Жалпы алғанда, Айгүлдің зерттеуі мұғалімдердің медиа сауаттылықты қалай түсініп, оны тәжірибеде қалай жүзеге асыратынын ашып көрсете отырып, білім қорына маңызды үлес қосады. Зерттеу өз мақсатын нақты көрсетіп, эмпирикалық зерттеуге негізделген дәйекті талдау ұсынады.

Қорытынды ұсыныс:

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Айгүл Бейбіткызы Елеусіздің 8D01703 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған «Қазақстандағы шетел тілі мұғалімдерінің медиа сауаттылығын зерттеу: кейс-стади» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қорғауға ұсынуға және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Д-р Дэвид Фрост

_____

Шетелдік ғылыми жетекші,
Кембридж университеті,
Вулфсон колледжінің құрметті профессоры.

Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударма жасаған аудармашы Қырбас Береке Құрманбайқызы жеке куәлігі № 040180509 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен 01.06.2016 ж. берілген.

Қырбас Береке Құрманбайқызы

Третье июня две тысячи двадцать пятого года. Я, Садулаева Хилола Азизхановна, нотариус Жамбылского нотариального округа Республики Казахстан, лицензия № 23000779 выдана Комитетом по организации правовой помощи и оказанию юридических услуг населению Министерства Юстиции Республики Казахстан 11.01.2023 года. Свидетельствую подлинность подписи переводчика Қырбас Береке Құрманбайқызы, документа. Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре № 529

Сумма оплаты: 8336 тенге

в том числе гос.пошлина и тех.работа.

Нотариус_____

ПРОШИТО
ПРОНУМЕРОВАНО
на 7 листов

ET800749325060315174 6V96116B

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия